ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 26 қаңтар №1112-23-00-2/3782 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жакупов А.А.,
сот отырысының хатшысы Шарипова Ш.Е.,
алдын ала сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
Ақмола облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ПожГарант-Service» Какимжанова Амина Куанбековна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
талапкер өкілдері А.Т.Байманова, Р.Б.Бейсенов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Ақмола облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы» КММ және «ПожГарант-Service» ЖК арасында 2023 жылғы 20 қаңтарда №15 қызметтерді көрсету мемлекеттік сатып алу шарты жасалды. Шарт бойынша жауапкер қызметтерді 2023 жылғы желтоқсанның 31 дейін қызметтерді көрсетуге мәжбүр болды.

Талап қоюшы талабын жауапкер шарт бойынша 2023 жылғы қыркүйек-қараша айларында қызметтерді көрсету орындамағанымен негіздеген.

Сотта талакер өкілдері талап қоюды қолдады.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 05.03.2024
1112-23-3-1/4349

Жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, ешқандай өтінішті білдірген жоқ.

Сот, істі жауапкерсіз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. 5 тармағында осы баптың 4 тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша жауапкер «ПожГарант-Service» 2023 жылғы қыркүйек-қараша айларында қызметтерді көрсетуге міндетті болды.

Алайда қызметтер көрсетілмеген.

Керісінше жағдайлар сотта дәлелденбеген.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақмола облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ПожГарант-Service» Какимжанова Амина Куанбековна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«ПожГарант-Service» Какимжанова Амина Куанбековна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 05.03.2024
1112-23-3-1/4349

ПожГарант-Service» Какимжанова Амина Куанбековна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 05.03.2024

1112-23-3-1/4349